Сатып алуды өткізу туралы хабарландыру,
2025-2027 жылдарға арналған «Жас ғалым» зерттеулерін гранттық қаржыландыру жобасы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін AP25796559 «STEM технологияларды қолдану арқылы нанотехнологияны оқытуда болашақ және қазіргі физика мұғалімдерінің құзыреттілігін арттырудың ғылыми-педагогикалық тәжірибесін дамыту»

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (сатып алуды ұйымдастырушының заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070020, Өскемен қаласы 30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 34; сатып алуды ұйымдастырушының нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070020, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 55) **1-қосымшада көрсетілген тауарға** сатып алуды өткізу туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070002, Өскемен қаласы, Шәкәрім даңғылы, 148, 114 каб. мекен-жайы бойынша Тапсырыс берушінің орналасқан жерінде Жеткізушінің мамандарымен тауар жеткізілуі тиіс.

Талап етілетін тауар жеткізу мерзімі **1-қосымшада** көрсетілген, техникалық сипаттама **1.1-қосымшада көрсетілген**.

Әлеуетті жеткізушінің ұсынысы техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес сатып алынатын тауарлар бойынша коммерциялық (бағалық) ұсынысты немесе бағалар тізімін қамтуы, сондай-ақ төлем және жеткізу шарттарын, ұсынылатын баға мен **ҚҚС-сыз** құнды көрсетуі тиіс.

Әлеуетті жеткізушілер коммерциялық (баға) ұсыныс немесе прайс-парақтар Әлеуетті жеткізушінің мөрімен бекітілген желімделген конвертте ұйымдастырушының нақты мекен-жайы бойынша ұсынады: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 55, №407 каб.

Коммерциялық (баға) ұсыныстарды немесе прайс-парақтарды ұсынудың соңғы мерзімі: 2026 жылдың «09» қараша , сағ. 12:00 дейін.

Сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу жөніндегі сатып алу комиссиясының отырысы: 2026 жылдың «09» қараша 15:00-де, Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070004, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі 55, «Абай» конференц-залы мекенжайы бойынша өтеді. Толық ақпаратты және анықтаманы 8 (7232) 241-328 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

Ескерту: *Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 қарашадағы № 538 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен өткізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы»: «Комиссия осы Қағидаларға сәйкес сатып алу бойынша ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды немесе прайс-парақтарды (кемінде үш), олардың техникалық ерекшелікке, жеткізу мерзіміне, әлеуетті жеткізушінің беделіне, құқықтық және реттеуші талаптарға және төлем шарттарына сәйкестігін, сондай-ақ жабдықтың құны он мың еселік айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда – E-lab-та жабдықтың болмауын тексереді.»*

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор **Ж. Есенбек**